

## Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне толықтырулар енгізу жөнінде

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 14 шілде N 157-1

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1984 жылғы 22 наурызда қабылдаған Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1984 ж., N 14 (қосымша); N 41, 534-құжат; 1985 ж., N 19, 190, 191-құжаттар; N 32, 325-құжат; N 45, 457-құжат; N 49, 513-құжат; 1986 ж., N 13, 122-құжат; N 25, 242-құжат; N 31, 320-құжат; N 49, 506-құжат; 1987 ж., N 2, 19-құжат; N 16, 201-құжат; N 29, 356-құжат; N 32, 421-құжат; N 41, 503-құжат; N 46, 560-құжат; 1988 ж., N 35, 324-құжат; 1989 ж., N 16, 129-құжат; N 27, 208-құжат; N 45, 364-құжат; N 49, 444-құжат; N 50-51, 458-құжат; 1990 ж., N 12-13, 114-құжат; N 44, 410-құжат; N 48, 445-құжат; N 49, 461-құжат; 1991 ж., N 25, 318-құжат; N 26, 348-құжат; N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 96, 98, 100-құжаттар; N 13-14, 323-құжат; N 15, 380-құжат; N 16, 400-құжат; 1993 ж., N 3, 42-құжат; N 4, 70-құжат; N 8, 159, 161-құжаттар; N 9, 220, 222-құжаттар; N 20, 468, 469-құжаттар; 1994 ж., N 4-5, 60-құжат; N 8, 134-құжат; N 15, 207-құжат; N 21-22, 272-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 5, 41-құжат; N 8, 55-құжат; N 9-10, 64-құжат; N 15-16, 105-құжат; N 17-18, 110-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 177-құжат; N 14, 274, 277-құжаттар; N 15, 281-құжат; 1997 жылғы 13 наурызда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының еңбек мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы" 1997 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы: 1997 жылғы 24 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай толықтырулар енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 167-1-баппен толықтырылсын:

"167-1-бап. Бюджет қаражатын мерзімінде есептемеу немесе мақсатқа сай пайдаланбау

Мемлекеттік бюджеттің және мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың кірісіне түсетін қаражатты немесе мемлекеттік бюджеттен немесе бюджеттен тыс мемлекеттік қорлардан тиісті банкілердегі немесе банкілік емес қаржы мекемелеріндегі алушылардың шотына аударылатын қаражатты уақтылы есепке алмау - лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан алпысқа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Мемлекеттік бюджеттің және бюджеттен тыс мемлекеттік қорлардың қаражатын  
ма қ с а т қ а с а й п а й д а л а н б а у -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан алпысқа дейінгі  
мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы баптың бірінші және екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза  
қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде қайталап жасалған іс-әрекет (немесе  
ә р е к е т с і з д і к ) -

лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің қырықтан жүзге дейінгі  
мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

207-баптың 6) тармақшасы "мемлекеттік инспекция органдары" деген сөздерден  
кейін "Қазынашылық органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

Мынадай мазмұндағы 237-8-баппен толықтырылсын:

"237-8-бап. Қазынашылық органдары

Қазынашылық органдары осы Кодекстің 167-1-бабында көзделген әкімшілік құқық  
бұзушылық туралы істерді қарайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар  
қолдануға Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қазынашылық  
бастығының және оның орынбасарларының, Қазынашылықтың облыстар, Алматы  
қаласы бойынша аумақтық басқармалары мен бөлімшелері бастықтарының және  
олардың орынбасарларының құқықтары бар.";

248-1-баптың бірінші бөлігіндегі 1) тармақшаның жиырма сегізінші азатжолы "(165,  
165-1, 169-171-баптар)" деген сөздерден кейін "Қазынашылық органдарының (167-1-  
бап)" деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті